


«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА  
ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
КОМИТЕТА САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

## ҚАУЛЫСЫ

«25» желтоқсан 2020 ж.

Қызылорда қаласы

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 29

город Кызылорда

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 31 қазан 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына толықтырулар енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 31 қазан 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақ келесі редакциядағы 12)-тармақшамен толықтырылсын:

«12) 2020 жылдың 26 желтоқсанынан 2021 жылдың 05 қаңтарына дейін қоғамдық тамақтану объектілерінде, ойын-сауық объектілерінде, кәсіпорындарында, мекемелер мен кеңселерде ұжымдармен ұйымдастырылатын жаңа жылдық іс-шараларды (корпоративтер), көпшілік жиналатын орындарда (алаңдарда, скверлерде, саябақтарда, серуендеу және жағалау аймақтарында), оның ішінде жабық үй-жайларда (концерт залдары, клубтар) жаңа жылдық театрландырылған көпшілік қойылымдарды, аниматорлар мен куыршақтар қызметтеріне (соның ішінде үйге шақырулар), шоу-бағдарламаларды, концерттерді және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге;».

2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме калдырамын.

3. Осы Қаулы 2020 жылдың 26 желтоқсанынан бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері

*Д. Жанабергелова*

Д. Жанабергелова